

**«Қатира Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі» МКҚК мен
«ШҚО Білім басқармасының «Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер
атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесі» КМҚК
арасындағы ынтымақтастық туралы**

МЕМОРАНДУМ

Атырау қ.

« 11 » ақпан 2025 ж.

1. Жалпы ережелер

1. «Қатира Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі» МКҚК атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор Карабаева Айжан Сарсеновна бірінші тараптан және «ШҚО Білім басқармасының «Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесі» КМҚК атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор Дюсупова Альмира Оралбековна екінші тараптан, екі Тараптар бірлесіп техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы өзара ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ұмтыла отырып, өзара тиімді ынтымақтастық туралы екі жақты Меморандум (бұдан әрі - Меморандум) жасасты.

Тараптардың диалог орнатуына және техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың стратегиялық маңызды бағдарларын айқындауға ұмтылысын мойындай отырып, Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы нормативтік және бағдарламалық құжаттарын іске асыру мақсатында өзара ынтымақтастықтың маңыздылығын көрсете отырып, өзара құрмет, ашықтық және адалдық принциптерін негізге ала отырып, ынтымақтастық мақсатында осы Меморандумға қол қойды.

2. Меморандум мәні

Осы Меморандумның негізгі мәні Қазақстанның техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы ынтымақтастық болып табылады. Осы Меморандум келешектегі ынтымақтастық үшін негізгі орнатушы және Тараптардың негізгі міндеттерін айқындайтын негіздемелік құжат болып табылады.

3. Ынтымақтастықтың өзара әрекеттестігі

1. Меморандум Тараптар арасындағы өзара іс-қимылдың келесі базалық шарттарын айқындайды. Бұдан әрі Тараптар оны ынтымақтастық аясындағы шарттар негізінде кеңейтуге құқылы.

1) Өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелері бойынша бірлескен семинарлар, байқаулар, ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер, брифингтер, пікірталас алаңдары, мастер-кластар, тренингтер өткізу;

2) Қазақстан Республикасында табысты педагогикалық тәжірибені тарату, техникалық және кәсіптік білім беру педагогтерінің біліктілігін арттыру жолдарын жетілдіру, болашақ мамандарды даярлауда білім беру бағдарламаларын бірлесе құру;

3) Тараптар өткізетін тақырыптық іс-шаралар туралы, сондай-ақ Тараптардың бірі қатысатын үшінші тараптар өткізетін іс-шаралар туралы ақпарат алмасу;

4) Қажеттілігіне қарай және өзара келісім бойынша курстар, конференциялар, вебинарлар және өзге де іс-шаралар өткізуге қатысу үшін мамандарды, оның ішінде шетелдік сарапшыларды тарту;

5) Тараптар келіскен ынтымақтастықтың басқа да түрлері.

4. Форс-мажор

Форс-мажор жағдайында Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапты жедел хабардар етуі тиіс, сондай-ақ мүмкіндігінше жазбаша нысанда мәселенің егжей-тегжейін анықтап ұсынуы тиіс. Егер Тарап (Тараптар) осы Меморандум бойынша өзіне (өздеріне) жүктелген міндеттемелердің барлығын немесе бір бөлігін бұдан әрі орындай алмаса, Тараптар тиісті шаралардың қабылдануына келісуге тиіс. Мұндай шаралар осы Меморандумның қолданылуын тоқтата тұруды немесе мүлдем тоқтатуды қамтуы мүмкін.

5. Құпиялылық

1. Әрбір Тарап оны екінші Тарап ұсынған кезде осындай ақпараттың құпиялылығы көрсетілген кез-келген ақпаратқа (мүмкін болатын кез-келген нысанда баяндалған) қатысты құпиялылықтың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Меморандумның осы бөлімінде көзделген құпиялылықты сақтау жөніндегі міндеттемелерді бұзу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

6. Меморандумның қолданылу мерзімі және оны тоқтату тәртібі

1. Осы Меморандум 5 (жыл) жыл мерзімге жасалады және оған Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді. Егер Меморандумның мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын Тараптардың ешқайсысы Меморандумды бұзуға өз ниеті туралы мәлімдемесе, Меморандум келесі жылға ұзартылды деп есептеледі.

2. Тараптардың кез келгені осы Меморандумды біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы, бұл туралы екінші Тарапты бұзудың

болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын жазбаша хабардар етеді.

7. Басқа шарттар

1. Тараптар осы Меморандумды жасасу тараптарды қандай да бір заңды міндеттемелермен байланыстырмайтынын, қаржылық міндеттемелердің туындауына әкеп соқпайтынын және соңғыларының туындауы үшін Тараптардың жекелеген келісімдер жасасуы талап етілетінін бөлек келіседі.

2. Осы Меморандумға екі Тарап қол қойған қосымша жазбаша келісім арқылы өзгерістер енгізілуі мүмкін.

3. Осы Меморандум екі түпнұсқа данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

8. Тараптардың қолдары

«Қатира Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі» МКҚК
ҚР, Атырау обл., Атырау қ.,
Азаттық, 152 а
Тел: 8(7122) 456809
WEB- сайт: [www. Gumcollege.edu.kz](http://www.Gumcollege.edu.kz)
E-mail: gumcollege@yandex.kz



А.Қарабаева

М.О. қолы

«ШҚО Білім басқармасының «Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесі» КМҚК
ҚР, ШҚО обл, Өскемен қ.
30-шы Гвардиялық дивизия көшесі, 4,6
Тел: 8(7232) 700827
WEB- сайт: <https://vkui.edu.kz/>



А.Дюсупова

М.О. қолы